

"Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 наурыздағы № 208 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 1650 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 442 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 № 442 қаулысымен.

"2012 – 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қарашадағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 наурыздағы № 208 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 25, 285-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 1650 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 1 наурыздағы
№ 208 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

1-бөлім. Миссиясы мен пайымдауы

Миссия. Жерді ұтымды пайдалану мен қорғау, елдің экономикалық дамуына және ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға ықпал ететін геодезиялық және картографиялық қамтамасыз ету үшін жағдай жасау.

Пайымдау. Қазақстан Республикасының жер ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалану әрі экономиканың түрлі саласының жергілікті жердің және мемлекеттік топонимиканың қазіргі жағдайына сәйкес келетін геодезиялық және картографиялық өнімдерге қажеттілігін толық қанағаттандыру.

2-бөлім. Жерді пайдалану мен қорғаудың, геодезиялық және картографиялық қамтамасыз етудің ағымдағы жай-күйі мен дамыту үрдісінің талдауы

1. 1-стратегиялық бағыт. "Жерді ұтымды пайдалануды және қорғауды ұйымдастыру".

1. Жерді ұтымды пайдаланудың және қорғаудың жай-күйінің реттелетін саласын дамытудың негізгі параметрлері.

Қазақстан Республикасы алаңы 272,5 миллион гектар жерді құрайтын кең аумақты алып жатыр.

Қазақстанның құрлықтағы Мемлекеттік шекарасының ұзындығы 13349,85 километр (бұдан әрі – км), оның ішінде: Ресей Федерациясымен – 7548,1 км, Өзбекстан Республикасымен – 2351,4 км, Қытай Халық Республикасымен – 1782,8 км, Қырғыз Республикасымен – 1241,6 км, Түрікменстан Республикасымен – 426 км құрайды.

Қазақстан Республикасы жер теңгерімінің 2010 жылғы 1 қарашадағы деректері бойынша республиканың әкімшілік-аумақтық құрылымының жүйесіне 14 облыс, 2 республикалық маңызы бар қала, 161 әкімшілік аудан, 237 қала мен кенттер, сондай-ақ 6820 АЕМ кіреді. Бұдан басқа, республикада 2454 ауылдық (селолық) округтер қалыптасқан.

Жер санаттары бойынша республиканың жер қоры мынадай түрге бөлінеді (1-кесте) (мың га):

1-кесте Қазақстан Республикасының жерлерінің бөлінуі

1.	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	93 387,6
----	--------------------------------------	----------

2.	Елді мекендердің жерлері, соның ішінде	23217,0
	қалалар және кенттер	1789,7
	ауылдық елді мекендер	21427,3
3.	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жері және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлер	2663,8
4.	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер	5651,6
5.	Орман қорының жері	23048,4
6.	Су қорының жері	4096,1
7.	Босалқы жер	109109,3
8.	Барлық жер, соның ішінде	261173,8
	басқа мемлекеттердің аумағында пайдаланылатыны	0,9
9.	Басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлер	11317,3
10.	Республиканың аумағы	272490,2

Жер ресурстары жөнінде өзекті деректерді қалыптастыру мемлекеттік жер кадастрын жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі, ол Қазақстан Республикасы жерінің табиғи және шаруашылық орналасуы, орналасу орны, мақсатты пайдаланылуы, жер учаскелерінің көлемі мен шекаралары, олардың сапалық сипаттамасы туралы, жерді пайдалануды және жер учаскелерінің кадастрлық құнын есепке алу туралы, өзге де қажетті мәліметтер жүйесін білдіреді. Мемлекеттік жер кадастрында жер учаскелеріне құқық субъектілері туралы а қ п а р а т т а е н г і з і л е д і .

Мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін қалыптастыру топографо-геодезиялық, аэроғарыштық, картографиялық, жерге орналастыру жұмыстары, топырақтың, геоботаникалық зерттеулер мен ізденістер, жерді мониторингілеу бойынша жұмыстар, жерді сандық және сапалық есепке алу, нақты жер учаскесіне жер-кадастрлық істі жасау, жер-кадастрлық карталарын және жер учаскесіне сәйкестендіру құжаттарын дайындау жұмыстары арқылы қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

Республикада мемлекеттік жер кадастрының бірыңғай автоматтық жүйесі құрылған, оның үш деңгейлі әкімшілік-аумақтық иерархиялық құрылымы бар – республикалық, облыстық және аудандық деңгейлер. Жер кадастрын жүргізу бойынша мемлекеттік мекемелерде жер кадастрын автоматтандырып жүргізуге арналған 212 бағдарламалық-техникалық кешендер ашылды, 250-ден астам м а м а н о қ ы т ы л д ы .

Қазіргі уақытта мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі - МЖК ААЖ) республикалық базасында қолданыстағы жер құқықтық қатынастары бойынша 4,3 млн. астам және 1,7 млн. астам күші жойылған (тарихи мәліметтер) мәліметтер бар. Салық комитетінің "Салық төлеушілердің және салық салу объектілерінің тізілімі"

ақпараттық жүйесіне 4,3 млн. мәлімет тапсырылды.

МЖК ААЖ республикалық деректер базасына енуге МЖК ААЖ республикалық орталығының Интернет-сайтынан 486 мемлекеттік орган мен мекемеге рұқсат берілді.

Жер кадастрының мемлекеттік деректері (бұдан әрі – МЖК) жерді пайдалану мен қорғауда жоспарлау кезінде, жерге орналастыруды жүргізу, шаруашылық қызметін бағалау және жерді пайдалануға және қорғауға байланысты басқа да іс-шараларды жүргізу кезінде, сондай-ақ жердің бірыңғай мемлекеттік тізілімін қалыптастыру, құқықтық және басқа да кадастрды жүргізу, жердің төлем мөлшерін анықтау, жылжымайтын мүлік құрамындағы жер учаскелерінің құнын және табиғи ресурстар құрамындағы жердің құнын есепке алуды жүзеге асыру үшін жоспарлау кезінде негіз болып табылады.

Елдің жер ресурстарын пайдалану жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асырумен түйіседі, оның міндеттері Қазақстан Республикасының жер заңнамасын мемлекеттік органдардың, жеке, заңды және лауазымды тұлғалардың сақтауын, Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуын анықтауды және жоюды қамтамасыз ету, азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, жер учаскелерін пайдалану ережелерінің сақталуын, жер кадастры және жерді орналастыруды жүргізудің дұрыстығын және жерді ұтымды пайдалану мен қорғау бойынша іс-шараларды орындау, Республикадағы жер кадастрын жүргізуді ұйымдастыру.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы № 1677 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын жүзеге асыру мақсатында Агенттік кадрлық қамтамасыз ету бойынша және әйелдер арасында жер заңнамасының нормаларын түсіндіру бойынша гендерлік теңдікті сақтайды. Осы мақсатта Агенттік гендерлік көрсеткіш бойынша жердің бар болуы туралы деректерді (жергілікті атқарушы органдар ұсынған деректердің негізінде) тұрақты негізде талдап және қадағалап отырады.

2. Негізгі проблемаларды талдау.

Қазақстанның әлем экономикасына белсенді енуі, оның бәсекеге қабілеттілігінің артуы жер ресурстарын ұтымды пайдалануға, халықтың экономикалық әлеуетін және өмір салтын көтеруді ұтымды ұйымдастыру үшін жақсы жағдай жасауға тікелей тәуелді.

Қазақстан Республикасын дамытудың, Жер кодексінің ережелерін жүзеге асырудың стратегиялық жоспарларының негізгі бағыттарының бірі жоғары өнімді, экологиялық тазалыққа бағытталған және лайықталған жер пайдалану, жерге орналастыруды, жер ресурстарын басқарудың экономикалық тетіктерін жетілдіру, жер заңнамасының сақталуын бақылауды қалыптастыру арқылы жер

ресурстарын ұтымды пайдалану және қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

Қазіргі уақытта жерлердің ластануымен байланысты проблемалар түйткілді проблема болып отыр, ол халықтың өмір сүру жағдайының нашарлауына, топырақтың экологиялық жағдайының өзгеруіне, ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасының төмендеуіне әкеліп соқтырады.

Табиғи экожүйелерге техногендік әсер ету қайтарусыз алып қоюмен және ауқымды аумақтарда табиғи және антропогендік биоценоздардың бұзылуымен қабаттас болады. Жерлерді толық жоюға дейін әкеп соқтыратын бұзушылықтардың ерекше зиянды салдарлары тау-кен өндірісі кешендерінің аймақтарында байқалады.

Эрозия топырақтың бұзылуына және құнарлығын жоғалтуына әкеп соқтыратын жерлердің бүлінуінің аса қауіпті түрі болып табылады. Көп жағдайларда эрозия үрдістері антропогенді әсерлердің нәтижесінде пайда болады және дамиды.

Елді мекендердің және жұмыс жағдайында қалдырылған су көздерінің маңайында малдың шоғырлануына байланысты олардың жанында орналасқан жайылымдардың деградациялану үдерісі күшейеді. Бүлінген жайылымдардың аумағы 2 есе ұлғайды.

Мемлекеттік басқаруда ақпараттық технологияларды пайдаланудың әлемдік тенденциялары мен тәжірибесінің талдауы Қазақстандағы ақпараттандыру үдерісін жаңа сапаға жоғарылатуды талап ететінін көрсетеді. Қазақстандағы ақпараттандыру үдерісі қарқынды жүруде, жер ресурстарын басқару бойынша қызметте ақпараттық технологияларды енгізу тиімділігін айтарлықтай жоғарылату үшін қолайлы жағдайлар жасалды. Сонымен қатар бұл үдерісте жер-кадастрлық мәліметтермен ақпараттық қамтамасыз ету деңгейін жоғарылату мәселесін жаңа сапалық деңгейде жүзеге асыруды қамтамасыз ету қажет. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін мемлекеттік жер кадастрын ақпараттық қамтамасыз ету және интернет-технологиялар мен геопортал құралдарын пайдалана отырып кадастрлық үдерістің барлық қатысушыларымен өзара әрекеттесуін, электронды нысанда мемлекеттік қызметтерді және сервистерді көрсетуді дамыту қажет.

Осыған байланысты, жер ресурстарын ұтымды пайдалану және қорғауды қамтамасыз ету бойынша негізгі міндеттер:

жер ресурстарының сандық құрамы туралы ақпараттық қамтамасыз ету деңгейін жоғарылату;

жер ресурстарының сапалық құрамы туралы ақпараттық қамтамасыз ету деңгейін жоғарылату;

электронды нысанда жер кадастрлық мәліметтермен ақпараттың қамтамасыз ету деңгейін жоғарылату;

экономика салаларын дамыту және қоршаған ортаны қорғау талаптарын ескере отырып жер қорын пайдалануды жетілдіру, мақсатты тағайындалуына сәйкес санаттар бойынша есеп жүргізу;

мемлекеттік жер кадастрын жасау және жүргізу, оны автоматтандырылған технологияларға көшіру;

топырақты сақтау және қалпына келтіру, жер жағдайына жағымсыз антропогендік әсерлерді жою бойынша іс-шараларды жүзеге асыру есебінен жердің сапалық жағдайын жақсарту;

босалқы жерлер санатындағы топырақ сапасы жақсы және орташа егістікке жарамды жерлердің (тыңайған жерлер) алқаптарын ауылшаруашылығы айналымына тарту үшін шаруашылық айналымға енгізу;

жерді ұтымды пайдалану және қорғауды, оңтайлы жер пайдаланудың экологиялық нормативтерін енгізу іс-шараларын әзірлеу және жүзеге асыру кезінде ландшафтық-экологиялық тәсілді кезең-кезеңмен іске асыру;

әлеуметтік-тиімді жер нарығына және жерді ұтымды пайдалануды және қорғауды экономикалық ынталандыруға көшу болып табылады.

Топырақ қабатының, дақылдардың, сапалық сипаттамасын, жем-шөп алқаптарының және топырақтың бонитировкасының техникалық жағдайын анықтау 7-10 жылда бір рет зерттеу жүргізу кезеңділігімен іздестіру жұмыстары (топырақтық, геоботаникалық және т.б.) негізінде жүргізіледі.

Сонымен қатар, 187,2 миллион гектар алаңға топырақтық зерттеу материалдары (топырақтық карталар, топырақты агроөндірістік топтастырудың картограммасы және т.б.) бар, олар барлық ауыл шаруашылығы алқаптарының 86,8% құрайды, оның ішінде 1990 жылға дейін зерттелген 150,2 миллион гектар алаңның материалдары ескірген және қайта зерттеуді талап етеді.

Халықты ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында шабындық жерді, бірінші кезекте Астана, Алматы қалаларының және облыстық маңыздағы қалалардың қала маңы аудандарындағы егістік жерлерге түгендеу жүргізу қажет.

"Электрондық үкімет" шегінде бірыңғай мемлекеттік жер кадастрын жасау одан әрі жалғастырылады. МЖК ААЖ тапсыру және "электрондық үкімет" құрамына кіретін жалпы мемлекеттік ақпаратқа жүйенің құрамдас бөлігі болып табылатын жер-ақпараттық жүйесін жасау және өнеркәсіптік пайдалануға енгізу, электронды түрде мемлекеттік қызметтерді көрсету бөлігінде жүйені дамыту жүргізіледі.

Нарықтық экономика жағдайында жер нарығын дамытудың келешегі туралы объективті және шынайы ақпараттарға экономикалық процеске қатысушылардың қызығушылығы әлдеқайда арта түсетіні белгілі. Осыған байланысты, МЖК қалыптастыратын барлық мәліметтерге кешенді талдау жүргізу мақсатқа сай

Атауы	2006 ж.	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.
Анықталған заң бұзушылықтар	2424	3438	2421	7999	3532
Жойылған заң бұзушылықтар	1305	1307	1012	6509	2300

Жүргізілген тексерістердің талдауы 2010 жылы Қазақстан Республикасы жер заңнамасының бұзылуының негізгі түрлері жерге мемлекеттік меншік құқығын бұзу (49%), жерді мақсатты тағайындалуына сай пайдаланбау (19%) және жерге орналастыру құжаттамасын бекітілген тәртібін бұзу (16%) екендігін көрсетті.

Қазақстан Республикасының жер заңнамасының анықталған бұзушылықтардың талдауымен қатар, жер қатынастары субъектілерінің санының жыл сайынғы артуы байқалады. Қазақстан Республикасындағы жердің жағдайы және пайдаланылуы туралы жиынтық талдамалы есептің деректері бойынша 2006 жылы жер учаскесінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың саны 2,7 миллион, 2007 жылы – 3,2 миллион, 2008 жылы – 3,3 миллион, 2009 жылы – 3,4 миллион, 2010 жылы – 3,5 миллион құрады.

Қазақстан Республикасы жер заңнамасының бұзылу санының артуының негізгі себептері:

1. Жерге сұраныстың артуы;
2. Қазақстан Республикасы жер заңнамасының бұзылу сипатына жауапкершілік деңгейінің сай келмеуі;
3. Қазақстан Республикасы жер заңнамасының бұзылуына қатысты сот шешімдері бойынша атқару өндірісінің төмен деңгейі болып табылады.

Осылайша, жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылаудың жағдайына жасалған талдау мемлекеттік бақылауды жетілдіру бойынша жүйелі тетікті әзірлеу қажеттілігін көрсетті.

Ағымдағы жылы мемлекеттік бақылаудың тиімділігін жоғарылату мақсатында Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" заңының қабылдануына сәйкес жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Жер қатынастары саласындағы негізгі тәуекелдерге жерді ұтымсыз пайдалану нәтижесінде жер ресурстарына зиян келтіру, соның салдарынан топырақтың құнарлығының төмендеуі, құнарсыздану және шөлейттену, су және жел эрозиясы, ал жер қатынастарын реттеу бөлігінде – меншік иелерінің және жер пайдаланушылардың жерге қатысты құқықтарының бұзылу мүмкіндігі жоғары.

Бұл ретте мемлекеттік бақылауды жүргізу кезінде тәуекелдерді басқару жүйесінің мақсаты жеке кәсіпкерлік субъектілеріне әкімшілік қысымды төмендету, сондай-ақ аталған салада мемлекеттік бақылаудың тиімділігін жоғарылату болып табылады.

3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау.

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р .

Қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрған МЖК ААЖ жер кадастрлық ақпараттың атрибутты (мәтіндік) және графикалық екі түрі пайдаланылады. Атрибутты бөлігі 4,5 миллион, соның ішінде – 0,46 млн. жойылған жер учаскесіне берілген мәліметтерден тұрады. МЖК ААЖ-дегі графикалық бөлім атрибутты мәліметтің 84%-ын құрайды. Мұндай диспропорцияның пайда болуына жер учаскелерінің сандық көрсеткіші бойынша негізгі бөлігі елді-мекендерде орналасқандығы, онда қажетті масштабтағы картографиялық негіз жоқ және осыған байланысты жер учаскелерінің бұрылыстық нүктелерін координаттаусыз жер учаскелерінің шекаралары сызықтық өлшеуіштермен анықталғандығы негіз болады.

Жер учаскелерінің сандық есебі бойынша мәліметтерді ұсыну проблемасы атрибуттық және графикалық ақпаратты сәйкес келтіру арқылы шешілуі мүмкін.

Көрсетілген проблемаларды жою үшін үйлестірілмеген жер учаскелерін межелеу жүргізілуде, оған жер учаскелері шекараларының бұрылыстық нүктелерін құралдармен координаттау бойынша далалық геодезиялық, кадастрлық құжаттама бойынша оларды заңды сәйкестендіру, деректерді МЖК ААЖ графикалық базасына енгізу бойынша жұмыстар енеді. Жер ресурстары саласындағы көрсетілген мәселелерді шешу жер ресурстарының сапалық және сандық жағдайы туралы шынайы ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етуге мүмкіндік б е р е д і .

Жер ресурстарының сапалық жағдайы, болып жатқан өзгерістер туралы нақты ақпаратты алу, оларды бағалау және одан әрі дамуын болжау жерлердің мониторингін жүргізумен қамтамасыз етіледі, атап айтқанда аэроғарыш ақпаратын пайдаланып бақылау және түсіру әдістерін жетілдіру.

Жаңа жағдайларда Қазақстан Республикасының жер ресурстарын тиімді басқару үшін жер пайдаланудың қалыптасқан жүйесінде түпкілікті ұйымдастырушылық-технологиялық қайта ұйымдастыруды талап етіледі.

Бұдан басқа, жерді түгендеу келешекте пайдаланылмай жатқан, ұтымды пайдаланылмайтын немесе мақсатқа сай емес пайдаланылатын және пайдалануға берілген рұқсатқа сай келмей пайдаланылған жер учаскелерін анықтауға мүмкіндік б е р е д і .

Қазақстан үшін тағы бір өзекті мәселе жердің азуымен күрес болып табылады . Еліміздің 43 % жуық тұрғыны (6,5 миллион адам) ауылдық аудандарда тұрады және олардың көпшілігі аграрлық сектормен және жер пайдаланумен тікелей немесе жанама байланысты кіріске тәуелді. Табиғи жағдайға байланысты еліміздің аумағының 70 % шөлейттенуге және жерлердің бүлінуіне ұшырауда.

Осыған байланысты жердің мониторингіне үлкен мән берілуі тиіс. Алайда, қазіргі уақытта жер жағдайына көп жылдық бақылаулар жүргізуге арналған

стационарлы экологиялық алаңдар және жартылай стационарлы экологиялық алаңдар еліміздің барлық аумағының 18 % ғана қамтиды, сондықтан жаңа экологиялық алаңдар салу және қолда барларын жетілдіру және дамыту ж о с п а р л а н у д а .

Жердің сапалық жағдайының өзгерісі туралы шынайы ақпарат алу үшін топырақтық аймақ және кіші аймақ ішінде бақылаулар желісін көбейту бойынша жұмыстарды жалғастыру және 2011 жылдың аяғына дейін азғындауға ұшыраған жердің 23 % мониторингпен қамтылуын қамтамасыз ету қажет, бұл өзге де мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, азғындау үдерісін тұрақтандыру бойынша бірегей экологиялық бағдарлама дайындауға мүмкіндік б е р е д і .

Мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың дамуына әсер ететін сыртқы факторларға прокуратура, сәулет, экология, орман және су шаруашылығы органдарымен жұмысты соңғы нәтиже алуға бағыттау арқылы өзара әрекеттесу жатады. Ішкі істер органдарымен жерді пайдалану және қорғау бойынша мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік инспекторға келуден бас тартқан тұлғаларды күштеп алып келу, соның ішінде жер заңнамасын бұзушылардың тұлғаларды нақтылау бойынша өзара әрекеттесу.

І ш к і ф а к т о р л а р .

Жер ресурстарын басқаруға әсер ететін ішкі факторлардың қатарына ғылыми-әдістемелік негізді халықаралық деңгейге сәйкестендіру арқылы жетілдіру, ИСО пайдалана отырып нормативтік-техникалық құжаттаманы ә з і р л е у ж а т а д ы .

Көпмақсатты кадастрды дамыту бойынша алдыңғы қатарлы шетелдік тәжірибені, сондай-ақ электронды жер-кадастрлық қызметтер саласын дамытудағы дүниежүзілік тенденциялар мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып оларды жетілдіру тетіктерін зерделеу өзекті мә с е л е б о л ы п т а б ы л а д ы .

2.2-стратегиялық бағыт. "Мемлекеттің және экономиканың түрлі салаларының геодезиялық және картографиялық өнімдерге қажеттілігін қамтамасыз ету үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып геодезия және картография саласын тұрақты дамыту".

1. Геодезия және картография саласын дамытудың негізгі параметрлері.

Республиканың көптеген экономика, қорғаныс салаларында жергілікті жер туралы ақпарат маңызды құрамдас бөлік болып табылады, осыған байланысты сапалы геодезиялық және картографиялық өнімдерге, қызметке сұраныстың ұлғаюы байқалады, осы өнімдер заңды құжат болып табылады. Біріккен ұлттар ұйымының мәліметтері бойынша басқарушылық шешімдерді қабылдауды сүйемелдеу жүйесінде кеңістіктік ақпарат үлесі осы жүйедегі жалпы ақпарат

көлемінің 80 % дейін құрайды.

Қазақстан Республикасы аумағының топографиялық қамтамасыз ету жағдайы алаңдаушылық туғызады, карталардың 80% қазіргі заманғы жергілікті жердің жағдайына және мемлекеттік топонимикаға сай келмейді. Мемлекеттік топографиялық карталардың жаңартылуға қарағанда "картаюы" жылдам, бұл өз кезегінде экономикадағы айтарлықтай шығындарға, ал әскери әрекет және төтенше жағдай туындаған аудандарда – орны толмас шығындарға соқтыруы мүмкін.

Бюджеттік қаржыландыру ұлғайғаннан бастап республиканың жалпы алаңының 17 % аэротүсірілімі орындалды, мемлекеттік геодезиялық желі пункттерінің жалпы санының 14 % зерттелді, нивелирлеу желісінің жалпы ұзындығының 5 % нивелирленді, барлық масштабтық қатардағы мемлекеттік топографиялық карталардың жалпы парақ санының 15 % жаңартылды.

Ескірген топографиялық карталардың үлкен пайызын ескере отырып, жаңа аэроғарыштүсірілімі негізінде мемлекеттік топографиялық карталарды жаңарту қажет етіледі. Барлық қалалар мен елді мекендердің түсірілімдері 1960-1980 жылдары орындалғандықтан, қалалардың ірі масштабты жоспарларын жасаудың өткір қажеттілігі туындады. Сондықтан 2008 жылдан бастап қалалардың ірі масштабты жоспарларын жасау үшін қалалардың цифрлы аэротүсірілімдерін жасауға кірістік.

Агенттік жасап отырған барлық масштабты қатардағы мемлекеттік топографиялық карталарда жергілікті жер туралы максималды толық ақпарат көрсетіледі және республикамыздың түрлі экономика және қорғаныс салаларында қолданылатын түрлі өндірістік материалдар жасау үшін негіз болып табылады.

Каспий теңізі түбінің қазақстандық учаскесі шегінде келісімшарттық аумақтан тыс мұнай газ құбырларының құрылысын қамтамасыз ету үшін теңіз картасы керек, оны жасау үшін геодезиялық және картографиялық жұмыстар орындалуда.

Геодезиялық және картографиялық қызметті жүзеге асыру кезіндегі мемлекеттік маңызы бар міндеттердің бірі мемлекеттік шекараны демаркациялауды геодезиялық және картографиялық қамтамасыз ету және халықаралық және қазақстандық құқық нормаларына сәйкес, мемлекеттік шекара туралы шартқа қоса берілетін құжаттарды түпкілікті рәсімдеу болып табылады.

Жер қабатының қазіргі заманға сай қозғалысы заңдылығын зерттеу үшін республикамыздың оңтүстік және шығыс өңірлерінде геодинамикалық полигондарда жыл сайын жоғары дәлдікті геодинамикалық өлшемдер жасалады. Жер сілкінуіне икемділікті ескере отырып, республикамыздың барлық аумағы бойынша батыс және орталық өңірлерде геодинамикалық полигондар жасау

қ а ж е т .

2. Негізгі проблемаларды талдау.

Жалпы алғанда Агенттіктің геодезия және картография салаларында жағымды алғышарттар байқалады, сонымен қатар басты шешілмеген проблемаларға мыналарды жатқызуға болады:

1. Картографиялау үшін негіз болып табылатын мемлекеттік геодезиялық желі ішінара жоғалған, кейбірі мүлде қалпына келтірілмейді және соның салдарынан оған қойылатын талаптарға толық жауап бере алмайды.

2. Қазақстан Республикасы аумағының топографиялық және картографиялық қамтамасыз етілу жағдайы алаңдаушылық туғызады, карталардың жаңартылмағандағына 10-20 жыл болған.

3. Қазақстанның сейсмоселсенді аумақтары мен каспий маңы өңірлері жоғары дәлдікті геодезиялық өлшемдермен толық қамтылмаған.

4. Агенттікке ведомстволық бағынысты геодезиялық кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық дамымай қалуы.

5. Жас мамандар ағымының жоқтығы, мамандарды даярлау және қайта даярлаудың сапасы қазіргі заманның техникалық және технологиялық талаптарына сай келмейді.

6. Пайдаланылуы мемлекет пен тұтынушыға зиян тигізуі мүмкін жалған геодезиялық және картографиялық өнімдерден нарықты қорғау.

Жаһандық бәсекеге қабілеттілік тұрғысынан бағалауда Қазақстанның жағдайына байланысты басқа да проблемалар бар. Жаһандану республикамызда орын алып жатқан барлық үдерістерге өз әсерін тигізуде, ал Қазақстанның ақпараттық кеңістігі бірегей ақпараттық кеңістікке енуде. Сондықтан республика аймақтарының дамуын болжау үшін, басқарушылық шешімдерді қабылдауды қолдау үшін жергілікті жердің мемлекеттік топографиялық карталардағы қазіргі жағдайы көрініс тапқан өзекті және объективті кеңістіктік ақпарат қажет.

3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспарының бағыттарының бірі өндірістік қуатты, көлік-коммуникациялық, әлеуметтік және басқа инфрақұрылымды ұтымды үйлестіруге, елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін халықты аумақтар кескінінде орналастыруға бағытталған елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамдық схемасын жүзеге асыру болып табылады.

Аталған болжамдық схеманы жүзеге асыру үшін топографиялық-геодезиялық және картографиялық өнім қажет. Алайда республика аумағының тек 15 % қазіргі заманға сай карталармен жабылған, яғни, карталардың ескіруі жаңартудан тезірек жүруде.

Геодезия және картография саласының одан әрі дамуына әсер ететін ішкі

факторлардың қатарына саланың техникалық, технологиялық және бағдарламалық әлсіз қамтамасыз етілуін, сондай-ақ ғылыми-техникалық базаның жоқтығын жатқызуға болады.

Ағымдағы жағдайды талдауды назарға ала отырып, сондай-ақ, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енуі және бекуі, Дүниежүзілік сауда ұйымына, Кеден одағына енуі бойынша қойылған міндеттерді ескере отырып, геодезия және картография саласының алдына заңнамалық және нормативтік-техникалық базаны жетілдіру, қазіргі заманға сай жер серіктік, қашықтық, геоақпараттық, және ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды жетілдіру, Қазақстан Республикасының аумағын жергілікті жердің қазіргі жағдайына және мемлекеттік топонимикаға сәйкес келетін геодезиялық және картографиялық қамтамасыз ету бойынша стратегиялық бағыттар белгіленген.

3-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттары мен міндеттері, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар мен нәтиже көрсеткіштері

3.1. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар және міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар мен нәтиже көрсеткіштері

1-стратегиялық бағыт. Жерді ұтымды пайдалану және қорғауды қамтамасыз ету үшін жұмыстарды ұйымдастыру.

1.1-мақсат. Жер ресурстары туралы мәліметтер жүйесін қалыптастыру.

Аталған мақсатқа жетуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың коды " 003".

Нысаналы индикатор (қол жеткізудің мерзімін (кезеңін) көрсете отырып)	Ақпарат көзі	Соның ішінде аралық мәнді көрсете отырып							
		есепті кезеңде			Жоспарлы кезеңде				
		Өлшем бірлігі	2009 жыл (есеп)	2010 жыл (есеп)	2011 жыл (ағымдағы жоспар)	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Топырақтың құнарлығын жоғарылату үшін, сондай-ақ жер салығын, жалдау ақысын және кадастрлық құнын есептеу үшін жерлердің сапалық жағдайы бойынша ақпараттың өзектілігін қамтамасыз ету	есептер	%	10	21,7	35,3	49	63	77,1	98,4

- сканерленетін жер-кадастрлық істердің санының жалпы қажеттілігінен %	есеп	%	4,1	23,9	45,6	65,1	83,3	100	-	
- саны мың дана		мың дана	145	692	759	683	638	582,9		
Қалалар мен елді мекендердің жерлерінде қалыптасқан есепті кварталдардың электронды жер-кадастрлық істерін жасау:										
- есепті кварталдардың санының жалпы қажеттілігінен % (9351 дана)	есеп	%	0,2	0,4	0,6	1,7	2,8	3,8	4,9	
- есепті кварталдардың саны дана		дана	20	20	20	100	100	100	100	
Электронды түрде ұсынылатын жер-кадастрлық мәліметтердің үлесін жоғарылату	есеп	%				20	40	60	80	
Тікелей нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар						Жоспарлы кезеңде жүзеге асыру мерзімі				
						2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1					2	3	4	5	6	
Жерлердің мемлекеттік есебін жүргізу					x	x	x	x	x	
ауыл шаруашылығы айналымына тартылған жерлерді түгендеу (ауыл шаруашылығы алқаптарын пайдалану, сондай-ақ бір түрден екіншісіне ауыстыру бойынша ұсыныстарды әзірлеу)					-	x	x	x	-	
Қазақстан Республикасы аумағында мемлекеттік жер кадастрын жүргізуді қамтамасыз ететін цифрлы жоспарлы-картографиялық өнім алу үшін аэро-ғарыш түсіру жұмыстарын жүргізу соның ішінде:					x	x	x	x	x	
цифрлы аэроғарыш түсірілімі					x	x	x	x	x	
ауыл шаруашылығы алқаптарын, топографиялық пішіндерді, қалалардың, кенттердің, АЕМ жерлерін дешифрлеу және аэроғарыштүсірілімдерді байлау бойынша іздестіру жұмыстарының кешенін орындау					x	x	x	x	x	
соңғы цифрлық өнімді дайындау және беру					x	x	x	x	x	
Жергілікті жердегі жер учаскелерінің шекараларын анықтау, жер учаскелерінің шекараларының бұрылыстық нүктелерін аспаптық үйлестіру бойынша далалық геодезиялық жұмыстарды жүргізу, кадастрлық құжаттама бойынша осы учаскелерді заңды сәйкестендіру, алынған координаттар бойынша "Мұрағат" МЖК ААЖ деректердің графикалық базасына енгізу					x	x	x	x	x	
МЖК ААЖ кіші жүйесіне енгізу үшін жер кадастрлық істерді сканерлеуді жүзеге асыру – мың дана					x	x	x	x	-	
Қалалар мен елді мекендердің жерлерінде қалыптасқан есепті кварталдардың электронды жер-кадастрлық карталарын дайындау					x	x	x	x	x	
Жер пайдаланушылар туралы мәліметтерді беру арқылы "электрондық үкімет" шегінде МЖК ААЖ мемлекеттік органдардың АЖ өзара әрекеттесуі					x	x	x	x	x	

МЖК ААЖ сүйемелдеу	x	x	x	x	x
МЖК ААЖ деректер базаларын өзектендіру	x	x	x	x	x

1.2-мақсат. Жер заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету.

Осы мақсатқа жетуге бағытталған бюджеттік бағдарламаның коды "001", "002".

Нысаналы индикатор (қол жеткізудің мерзімін (кезеңін) көрсете отырып)	Ақпарат көзі	Соның ішінде аралық мәнді көрсете отырып							
		есепті кезеңде			жоспарлы кезеңде				
		өлш. бірл.	2009 жыл (есеп)	2010 жыл (есеп)	2011 жыл (ағымдағы жоспа р)	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Жер заңнамасын бұзу деңгейін төмендету (тексерістердің анықталған бұзушылықтарға арақатынасы)	есеп	%	70	56	54	52	48	45	40
1.2.1-міндет. Жер заңнамасының бұзушылығын анықтау және жою									
Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Ақпарат көзі	өлш. бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл (есеп)	2010 жыл (есеп)	2011 жыл (ағымдағы жоспар)	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
Анықталған бұзушылықтардың жойылуы	есеп	%	41	44	60	63	65	68	72
Әкімшілік айыппұлдарды өндіріп алу	есеп	%			68	71	74	77	80
Жер қатынастары саласындағы құқық түсіндіру жұмыстары	есеп	саны	45	50	53	57	60	63	67
Тікелей нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					Жоспарлы кезеңде жүзеге асыру мерзімі				
					2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6				
Қазақстан Республикасының халқы арасында этникалық шығу тегі, діни нанымдары мен әлеуметтік жағдайына қарамастан жер қатынастары саласында құқық түсіндіру жұмысын жүргізу (семинарлар, ақпараттық-түсіндіру кампаниялары және т.б.)	x	x	x	x	x				
Жер заңнамасының бұзушылықтарын жою бойынша тиісті шараларды қабылдау	x	x	x	x	x				
Жер заңнамасын бұзушылардан айыппұлдарды өндіріп алу бойынша әкімшілік шараларды жүзеге асыру	x	x	x	x	x				

2-стратегиялық бағыт. Мемлекеттің және экономиканың түрлі салаларының геодезиялық және картографиялық өнімдерге қажеттілігін қамтамасыз ету үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып геодезия және картография саласын

бойынша хабарламаны қарау мерзімін қысқарту	хабарландыру	Күнтізбелік күн %			9 0 100	3 0 33	-	-	-
Рұқсат беру құжатын геодезиялық және картографиялық қызметті бастау туралы хабарландыру тәртібіне көшіру	хабарландыру	жұмыс күндері %			1 0 100	-	-	-	-
1					2	3	4	5	6
Аумақтың					-	x	x	x	x
АЕМ,					x	-	-	-	x
су қоймаларының					x	-	-	-	x
қ а л а л а р , аэроғарыштүсірілімі					x	x	x	x	x
